

"Жеке тұрғын үй құрылышы үшін жер участекеріне құқық беру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 1 тамыздағы № 726 қаулысына өзгеріс енгізу және "Оралмандарға жеке тұрғын үй салу үшін жер телімдерін беру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 9 шілдедегі № 748 қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 маусымдағы № 784 Қаулысы . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 23 желтоқсандағы № 1034 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 23.12.2015 № 1034 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. «Жеке тұрғын үй құрылышы үшін жер участекеріне құқық беру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 1 тамыздағы № 726 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Жеке тұрғын үй құрылышы үшін жер участекесін беру ережесі осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жаzlын.

2. «Оралмандарға жеке тұрғын үй салу үшін жер телімдерін беру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 9 шілдедегі № 748 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2002 ж., № 22, 231-құжат) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі.

<p><i>Премьер-Министри</i> Қазақстан Үкіметінің 2012 № 784</p>	<p><i>К. Мәсімов</i> Республикасы 12 жылғы қаулысына қосымша</p>	<p><i>Республикасының</i> <i>Республикасы</i> маусымдағы 1 маусымдағы тамыздағы</p>
<p>Қазақстан Үкіметінің 2006</p>		<p>1 жылғы</p>

Жеке тұрғын үй құрылышы үшін жер участеклеріне құқық беру ережесі**1. Жалпы ережелер**

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасы Жер кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 50-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтарына және оралмандарға жеке тұрғын үй құрылышы үшін жер участеклерін берудің тәртібін айқындайды.

2. Жеке тұрғын үй құрылышы үшін жер участеклері елді мекендердің шекарасы шегінде олардың бас жоспарларына, жоспарлау мен құрылыш салу жобаларына және аумақтың жер-шаруашылық орналастыру жобаларына сәйкес жеке тұрғын үй құрылышы үшін бөлінген аландардан, ал тұрғындарының саны бес мың адамға дейінгі елді мекендерде – аталған елді мекенді дамыту және оған құрылыш салу схемасына (бас жоспардың жеңілдетілген нұсқасы) сәйкес беріледі.

3. Сауда-саттықта сату үшін ұсынылған жер участекерінің тізбесіне енгізілгендерін қоспағанда, жеке тұрғын үй құрылышына арналған жер участеклері Қазақстан Республикасының азаматтарына 0,10 гектар мөлшерінде жеке мешікке тегін беріледі.

Кодекстің 94-бабының 4-тармағында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, көрсетілген мақсат үшін жер участеклерін екінші мәрте тегін беруге жол берілмейді.

4. Жер участекін жеке тұрғын үй құрылышы үшін ақысыз жеке мешікке беру жер участеклерін игергеннен кейін (объектіні (жеке тұрғын үйді) пайдалануға беру туралы актіге қол қойылғаннан кейін) жүзеге асырылады. Игеру кезеңінде жер участекі Қазақстан Республикасының азаматтарына және оралмандарға Кодекстің 92-бабына сәйкес игеру шарттары мен мерзімдері белгіленіп беріледі.

2. Жер участекін беру

5. Жеке тұрғын үй құрылышы үшін жер участекін алу үшін Қазақстан Республикасының азаматтары және оралмандар сұрау салынған жер участекінің орналасқан жері бойынша уақытша өтеулі пайдалану (жалдау) құқығымен жер участекін жеке тұрғын үй құрылышы үшін беру туралы өтінішті (бұдан әрі - өтініш) сұралып отырған жер участекінің орналасқан жері бойынша:

1) респубикалық маңызы бар қала мен астананың шекарасы шегінде –

республикалық маңызы бар қаланың және астананың әкімдігіне;

2) облыстық маңызы бар қаланың шекарасы шегінде – облыстық маңызы бар қаланың әкімдігіне;

3) аудандық маңызы бар қаланың шекарасы шегінде – аудандық маңызы бар қаланың әкіміне;

4) кент шекарасы шегінде – кент әкіміне;

5) ауыл (село) шекарасы шегінде – ауыл (село), ауылдық (селолық) округтің жазады.
әкіміне

6. Өтініште: жер учаскесін пайдаланудың мақсаты; оның болжамды мөлшері; орналасқан жері; сұралатын пайдалану құқығы, жеке тұрғын үй құрылышы үшін бұрын мемлекет өтеусіз негізде берген басқа жер учаскесінің болуы (болмауы) керестіледі.

Қазақстан Республикасының азаматы берген өтінішке жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі, ал оралмандар берген өтінішке – оралман куәлігінің көшірмесі қоса беріледі.

7. Өтінішті қабылдау кезінде осы Ережеде көзделмеген басқа құжаттар мен мәліметтерді талап етуге тыйым салынады.

8. Өтініш беруші осы Ереженің 6-тармағында немесе осы Ереженің 25-тармағындакөрсетілген құжаттарды бермеген жағдайда жер учаскесі орналасқан жердегі республикалық маңызы бар қаланың, астананың, облыстық маңызы бар қалалардың, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттің, ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округтің уәкілетті органдары екі жұмыс күні ішінде өтініш берушіге оның өтінішін қараудан дәлелді түрде жазбаша бас тарту береді.

9. Өтінішті қараудың жалпы мерзімі өтініш түскен сәтінен бастап екі айға дейінгі уақытты құрайды.

Көрестілген мерзімге:

Кодекстің 44-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленетін жерге орналастыру жобасын жасау;

Кодекстің 44-бабының 6-тармағында белгіленген келісу; жергілікті жердегі жер учаскесінің шекарасын белгілеу кезеңдері кірмейді.

10. Өтініш үш жұмыс күні ішінде елді мекендерде бекітілген қала құрылышы құжаттамасы негізінде сөulet және қала құрылышы органдарымен бірлесіп сұралып отырған жер учаскесін мәлімделген нысаналы мақсаты бойынша пайдалану мүмкіндігін айқындау үшін жер учаскесі орналасқан жердегі республикалық маңызы бар қаланың, астананың, облыстық маңызы бар қалалардың, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттің, ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округтің жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органдарына түседі.

11. Аумақты аймақтарға бөлуге сәйкес сұралып отырған жер учаскесін

мәлімделген нысаналы мақсаты бойынша пайдалану мүмкіндігі туралы ұсыныстар әзірлеу мерзімі өтініш келіп түскен кезден бастап он жұмыс күніне дейінгі мәрзімді құрайды.

12. Сұралып отырған жер учаскесін пайдалану мүмкіндігі туралы әзірленген ұсыныстарды әзірлеу жөніндегі материалдарды жер учаскесі орналасқан жердегі республикалық маңызы бар қаланың, астананың, облыстық маңызы бар қалалардың, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттің, ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округтің жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органдары Кодексінің 43-бабының 2-тармағына сәйкес құрыллатын комиссияға (бұдан әрі – комиссия) көрсетілген ұсыныстарды әзірлегеннен кейін екі жұмыс күні ішінде береді.

13. Комиссияның қорытындысы сұралып отырған жер учаскесін пайдалану мүмкіндігі туралы ұсыныс комиссияға түскен кезден бастап бес жұмыс күні ішінде хаттамалық шешім нысанында екі данада жасалады.

Шешімді дайындау кезінде азаматта құқық жеке тұрғын үй құрылышы үшін мемлекет тарапынан берілген жер учаскелерінің болуы немесе болмауы ескеріледі, олар туралы мәліметтерді республикалық маңызы бар қаланың, астананың, облыстық маңызы бар қалалардың, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттің, ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округтің уәкілетті органды комиссияға

береді.

14. Егер комиссия бөліп берілетін алаңдардың болмауына байланысты сұралып отырған жер учаскесін пайдалану мүмкіндігінің болмауы туралы қорытынды шығарған жағдайда, өтініш осы Ереженің 3-тарауына сәйкес арнайы есепке алынады.

15. Комиссияның оң шешімін бір данасы республикалық маңызы бар қаланың, астананың, облыстық маңызы бар қалалардың, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттің, ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округтің тиісті жер қатынастары бойынша уәкілетті органдарына түскен уақыттан бастап бес жұмыс күні ішінде өтініш берушіге жерге орналастыру жобасын дайындау үшін беріледі (жолданады).

16. Жеке тұрғын үй құрылышы үшін бөліп беруге арналған алаңға жер учаскелерін орналастырудың жерге орналастыру жобасы болған кезде әрбір жер учаскесіне жерге орналастыру жобасын жасау талап етілмейді.

17. Кодектің 44-бабының 3 және 6-тармақтарына сәйкес дайындалған және келісілген жер учаскесінің шекарасын құру туралы жерге орналастыру жобасын республикалық маңызы бар қаланың, астананың, облыстық маңызы бар қалалардың, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттің, ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округтің тиісті жер қатынастары бойынша уәкілетті органдары өтініш беруші тапсырған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде

б е к і т е д і .

Жерге орналастыру жобасы жер ресурстарын басқару жөніндегі құзыретті орталық орган бекіткен нормативтік құқықтық актілерде белгіленген талаптарға сәйкес ке л у і т и і с .

18. Республикалық маңызы бар қаланың, астананың, облыстық маңызы бар қалалардың, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттің, ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округтің әкімінің уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығын беру туралы шешімі комиссияның он қорытындысы негізінде республикалық маңызы бар қаланың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың тиісті жер қатынастары бойынша уәкілетті органдары бекіткен жерге орналастыру жобасы келіп түскен уақыттан бастап жеті жұмыс күні ішінде қа б ы л д а н а д ы .

19. Тиісті жергілікті атқарушы органның уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығын беру туралы шешімінің көшірмесін жер участкесі орналасқан жердегі республикалық маңызы бар қаланың, астананың, облыстық маңызы бар қалалардың, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттің, ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округтің жер қатынастары бойынша уәкілетті органдары шешім қабылдаған уақыттан бастап бес жұмыс күні ішінде өтініш берушіге та б ы с е т е д і (ж о л д а й д ы) .

20. Жер участкесінің орналасқан жері бойынша жергілікті жер қатынастары жөніндегі тиісті орган өтініш берушімен жер участкесін пайдалануға құқық беру туралы шешімге сәйкес (жер участкесінің белгіленген шекаралары болған жағдайда) жер участкесін ақылы негізде уақытша пайдалану туралы шешім қабылданғаннан кейін он жұмыс күні ішінде уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) ту р а л ы ш а р т ж а с а с а д ы .

21. Белгілі бір жердегі жер участкесінің шекарасын белгілеу өтініш негізінде ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы .

22. Жер участкесіне сәйкестендіру құжатын дайындау және табыс ету Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен мемлекеттік қызмет стандартында белгіленген тәртіппен алты жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

23. Жер участкесінің шекараларын белгілеу жөніндегі жерге орналастыру жұмыстары және жер участкесіне жеке меншік құқығына актіні дайындау жеке тұрғын үй құрылышы үшін жер участкесі берілген адамның қаражаты есебінен ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы .

24. Қазақстан Республикасының азаматына бұрын жеке тұрғын үй құрылышы үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығымен берілген жер участкесіндегі салынып біткен жеке тұрғын үйді пайдалануға қабылдап алу туралы акті, осы жер участкесін жеке тұрғын үй иесіне жеке меншікке беруге н е г і з бо л а д ы .

Оралманға жеке тұрғын үй құрылышы үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығымен берілген жер участкесіндегі салынып біткен жеке тұрғын үйді пайдалануға қабылданап алу туралы акті Қазақстан Республикасы азаматтығын алу туралы және жеке басын куәландыратын құжаттың болуы осы жер участкесін жеке тұрғын үй иесіне жеке меншікке беруге негіз болады.

25. Бұрын уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығымен берілген жер участкесін жеке меншікке алу үшін Қазақстан Республикасының азаматтары және жеке тұлғаны куәландыратын құжатты алған оралмандар жеке тұрғын үй құрылышы үшін жер участкесін жекеменшік құқығында беру туралы өтінішті сұрау салынған жер участкесі орналасқан осы Ереженің 5-тармағында көрсетілген тиісті жергілікті атқарушы органға тапсырады. Осы тармақта көрсетілген өтінішке Қазақстан Республикасының азаматтары және оралмандар жеке куәліктің көшірмесін, жер участкесіндегі салынып біткен жеке тұрғын үйді пайдалануға қабылданап алу туралы актін және жер участкесіне сәйкестендіру

құжатын

қоса

б е р е д і .

26. Сәйкестендіру құжатын дайындалап табыс етуге негіз болып табылатын, салынып біткен жеке тұрғын үйді пайдалануға қабылданап алу туралы акті келіп түскен уақыттан бастап жеті жұмыс күні ішінде республикалық маңызы бар қаланың, астананың, облыстық маңызы бар қалалардың, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттің, ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округтің әкімінің жер участкесіне жеке меншік құқығын беру туралы шешімі шығарылады.

3. Арнайы есепке қою

27. Жеке тұрғын үй құрылышы үшін жер участкелерін сұрау кезінде Қазақстан Республикасы азаматтарының және оралмандардың өтініштерін республикалық маңызы бар қаланың, астананың, облыстық маңызы бар қалалардың, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттің, ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округтің жергілікті атқарушы органдары комиссияның қорытындысы шыққаннан кейін 5 жұмыс күні ішінде арнайы есепке қояды және бөліп берілетін алаңдардың дайын болуына қарай жеке тұрғын үй құрылышы үшін пайдаланылатын бос аумақтар болған жағдайда қанағаттандырылады.

28. Жер участкесін бөліп беру үшін алаңдар болмаған жағдайда, келіп түскен өтініштерді комиссия осы Ереженің 13-тармағында көзделген қорытындыда түскен өтініштердің кезектілігі негізінде арнайы есепке алу туралы шешім шығарады.

29. Жер участкесі орналасқан жердегі республикалық маңызы бар қаланың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың тиісінше жер қатынастары бойынша уәкілетті органдары комиссия қорытындысы келіп түскен күннен

бастап екі жұмыс күні ішінде өтініштерді арнайы есепке алғаны және жалпы тізімдегі кезектің нөмірі көрсетілген хабарламаны өтініш берушіге жібереді (ж о л д а й д ы) .

30. Бөліп беруге аландар дайын болған кезде кезегі келген өтініш берушіге аландар дайын болған күннен бастап бір ай ішінде өтініш беру қажеттілігі туралы хабарлама жіберіледі (беріледі).

31. Жерді бөліп беру үшін аландарды дайындау туралы ақпарат және жер участкесін алуға арналған кезектілік тізімдері ашық болып табылады, оларға қол жетімділікті республикалық маңызы бар қаланың, астананың, облыстық маңызы бар қалалардың, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттің, ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округтің әкімдері тоқсанына кемінде бір рет оларды арнайы ақпараттық стенділерде орналастыру және (немесе) бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік және орыс тілдерінде жариялау арқылы қамтамасыз етуге міндетті.

4. Жер участкесін беруден бас тарту

32. Жеке тұрғын үй құрылышы үшін жер участкесін беруден бас тарту туралы шешім комиссияның теріс қорытындысы негізінде, нақты себептері көрсетіліп комиссияның тиісті қорытындысы түскен уақыттан бастап жеті күннің ішінде ш ы ғ а р ы л а д ы .

33. Жер участкесіне тиісті құқық беруден бас тарту туралы жергілікті атқарушы орган шешімінің көшірмесін жер участкесі орналасқан жердегі республикалық маңызы бар қаланың, астананың, облыстық маңызы бар қалалардың, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттің, ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округтің тиісті жер қатынастары бойынша уәкілетті органдары шешім шығарылған уақыттан бастап бес жұмыс күні ішінде өтініш берушіге табыс етеді.